

**Облыс әкімдігінің 2014 жылғы 5 мамырдағы № 136 "Ақтөбе облысының аумағында таралатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2014 жылғы 8 тамыздағы № 286 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 4 қыркүйекте № 4024 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 27 мамырдағы № 174 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 27.05.2015 № 174 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 14 тамыздағы № 249 "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттерін әзірлеу жөніндегі қағиданы бекіту туралы" бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Облыс әкімдігінің 2014 жылғы 5 мамырдағы № 136 "Ақтөбе облысының аумағында таралатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3939 болып тіркелген, "Ақтөбе", "Актюбинский вестник" газеттерінде 2014 жылғы 24 маусымда жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

жоғардағы көрсетілген қаулымен бекітілген "Ақтөбе облысының аумағында таралатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті:

мына мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын "11. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) ретін, көрсетілетін қызметті берушінің толық сипаттамасы құрылымдық бөлімшілерінің (қызметкерлерінің) өзара қимылдарының сипаттамасы осы регламенттің 4-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылады." ;

осы қаулының қосымшасына сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын.

2. "Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне орналастыруды қамтамасыз етсін.


3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс

әкімі А. Мұхамбетов

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2014 жылғы 5 мамырдағы № 136  
қаулысына 4-қосымша  
Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2014 жылғы 08 тамыздағы  
№ 286 қаулысына  
қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



ҚФБ - құрылымдық-функционалдық бірлік; көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің), халыққа қызмет көрсету орталықтарының, «электрондық үкімет» веб-порталының өзара әрекеттері;



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (әрекетінің) және (немесе) ҚФБ атауы;



- таңдау нұсқасы;



- келесі рәсімге (әрекетке) өту.